

JEL classification: G2, G21

NEW REQUIREMENTS FOR BANKING RISK MANAGEMENT AND ORGANIZATION OF BANKING SUPERVISION

Adambekova A.A.,

Doctor of Economic Science. Professor
Narxoz University,
Almaty, The Republic of Kazakhstan

Kazbekova K.M.,

PhD student
Narxoz University,
Almaty, The Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose of research – is to influence prompt decision-making on the financial market in case of risk management of the bank. The banking sector is usually undergoing a serious reform phase. The bank's risk leads to the loss of credit institutions and deterioration of liquidity, due to adverse events occurring, depending on internal and external factors. Investigating the bank's risk management basics using modern approaches to risk assessment and management in banking.

Methodology – the article discusses the organization of the bank risk management system, methods of risk management, quantitative and qualitative risk assessment. Banks use various methods to reduce their risk. Quality of the bank's management, especially the risk management process, are the key factors that ensure stability and security of banks and the banking system as a whole. The main types of risks, risk management system, ways of managing bank risks and ways to reduce them were considered. Common methods of scientific research have been developed.

Original / Value – it is necessary to pay special attention to the risks of banks on the financial market. The deterioration of the situation in the financial market was associated with problems accumulated over many years, and some problems were solved, which in turn led to risks.

Findings – the structure of the bank's risk management mechanism is presented, the characteristics of its elements are identified and the key objectives of the management mechanism are identified. In the study, all banks in the financial market were analyzed using the models in Gretl, with the major risk factors being analyzed.

Conclusion – the mechanism of risk protection of banks consists of current methods of risk management and methods of its reduction. The roles, responsibilities and powers of regulatory bodies in the creation of an effective system of legal norms regulating the peculiarities of the risks taken by the bank are risk management as an element of the internal control system of banks. In the conditions of instability of the modern economy, the banking market can not be risky. The risk is in any bank activity, but it can be at different levels. In addition, the current risk management is to monitor important indicators and timely adopt operative decisions on banking transactions.

Keywords – bank risks, credit organization, profitability, stability, equity, risk management, competition, instability, financial markets, active transactions, internal control, bank system, banking supervisor authorities, executive management.

УДК 336.71; 336.72; 347.732; 336.77; 368

БАНКТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАНКТІК ҚАДАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ЖАҢА ТАЛАПТАР

Адамбекова А.А.,
э.ғ.д., профессор
Нархоз университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
Қазбекова Қ. М.,
PhD докторант,
Нархоз университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – банктің тәуекелдерін басқару тұрақсыздық жағдайда қаржы нарығында болып жатқан өзгерістерге оперативті түрде шұғыл шешім қабылдауына әсерін тигізу қажет. Банктік сектор, әдетте елеулі реформалар кезеңінен өтуде. Банк тәуекелі ішкі және сыртқы факторларға байланысты қолайсыз оқиғалардың пайда болуына байланысты несие мекемелерінің жоғалуына және өтімділіктің нашарлауына алып келеді. Банк тәуекелдерін реттеу негіздерін ұсынып банктік тәуекелдерді бағалауда және басқаруда заманауи тәсілдерді қолдануды зерттеу болып табылады.

Әдістеме – мақалада банк тәуекелдерін басқару жүйесін ұйымдастыру, тәуекелдерді басқару әдістері, тәуекелдерді сандық және сапалық бағалау әдістері қарастырылды. Банктер тәуекелін төмендету үшін түрлі әдістерді пайдаланады. Банк менеджментінің сапасы, әсіресе тәуекелдерді басқару процесі банктердің және тұтастай алғанда банк жүйесінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі факторлар болып табылады. Тәуекелдердің негізгі түрлері, тәуекелдерді басқару жүйесі, банктік тәуекелдерді басқару тәсілдері және оларды азайту жолдары қарастырылды. Ғылыми зерттеулердің жалпы әдістері жасалды.

Түпнұсқа/құндылық – қаржы нарығындағы банктердің тәуекелдеріне аса назар аудару қажет. Қаржы нарығындағы банктердегі ахуалдың нашарлауы көптеген жылдар бойы жинақталған проблемалармен байланысты болып, біраз мәселелер шешімін таппады, ол өз кезегінде тәуекелдерге әкеліп соқты.

Авторлық зерттеу – банк тәуекелдерін басқару механизмінің құрылымы ұсынылып, оның элементтерінің сипаттамалары келтіріліп, басқару тетігінің негізгі міндеттері анықталды. Зерттеуде қаржы нарығындағы барлық банктерге талдау жасалынып, тәуекелге әсер ететін негізгі факторларды ала отырып Gretl ішіндегі модельдерді қолдана отырып талданды.

Қорытынды – банктерді тәуекелдерден қорғау механизмі тәуекелдерді басқарудың ағымдағы және оны азайту әдістерінен тұрады. Банк қабылдайтын тәуекелдердің ерекшеліктерін реттейтін құқықтық нормалардың тиімді жүйесін құрудағы реттеуші органдардың рөлі, міндеттері және өкілеттіктері, банктердің ішкі бақылау жүйесінің элементі ретінде тәуекелдерді басқару болып табылады.

Қазіргі экономиканың тұрақсыздық жағдайында банктік нарық тәуекелсіз болу мүмкін емес. Тәуекел кез келген банк қызметінде болады, тек ол әртүрлі деңгейде болуы мүмкін. Қаржы нарығындағы орта-ша банктердің проблемалары, ол капиталдандырудың және агрессиялық несие саясатын төмендетумен байланысты тәуекелдер. Сонымен бірге ағымдағы тәуекелдерді реттеу маңызды көрсеткіштерді қадағалау және осы негізде банк операциялары бойынша жедел шешімдерді дер кезінде қабылдау болып табылады.

Түйінді сөздер – банктік тәуекелдер, несиелік ұйым, рентабельділік, тұрақтылық, капитал, тәуекелдерді басқару, бәсекелестік, құбылмалылық, қаржы нарығы, ішкі бақылау, банк жүйесі, банктік супервайзерлер.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі Банк секторында тәуекелдердің маңыздылығы тек несие ұйымы тарапынан ықтимал шығындармен ғана емес, сондай-ақ оның қызметіндегі клиенттердің ақшасын және активтерін, тұтастай алғанда банк жүйесінің элементі ретінде оның рөлін пайдалану арқылы анықталады. Банк секторындағы тәуекелдерді басқару саясаты - бұл тәуекелдерді басқарудың жалпы стратегиясын, бағыттарын және тәуекелдерді басқару тәсілдерін, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту стратегиясын айқындайтын құжат.

Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында елдің қаржы секторын «қайта қалпына келтіру» қажет екендігіне аса көңіл аударып, айтқан болатын. Мемлекет басшысы банктік портфельді «нашар» кредиттерден тазартуды аяқтау қажет екенін атап өткен болатын [1].

Қазақстанның қаржы нарығында төл теңгемізге 25 жылдың көлеміде болып қалды, бірақта нарықта болып жатқан өзгерістер өз әсерін тигізуде, әлі де төл теңгеміз нақты қадам басып нық тұра алмай жатыр, теңгеміздің валютаға қатысты курсы күн сайын өзгеруде. Теңге ширек ғасырға айналды. Нарықтық экономикада банктің сәтсіздігі - банк секторын қалпына келтіруге ықпал ететін табиғи процесс.

Банктердің тәуекелдерге аса мән бермегенін ескере отырып, тәуекелді басқару саясатының олқылық жағдайларының қайталанбауын болдырмау мақсатында 2018 жылдың шілдесінде Ұлттық Банктің қадағалау мандатын күшейту үшін заңнамалық шаралар қабылдаған болатын.

Ал ол түзетулер заңды түрде 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Ұлттық Банктің басшылығы SREP (Supervisory Review and Evaluation Process), (Қадағалауды қарау және бағалау үдерісі) негізінде тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесін енгізді.

Бұл, сөзсіз банк секторына жағымды әсер етеді және оның тиімділігін арттырады. Жаңа жүйені енгізуде Ұлттық Банк қаржы секторының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуде және ең маңызды проблемаларға уақтылы жауап беруін көздейді. Жаңа жүйе заманауи нарықтар дамыған сайын күрделі болып келе жатқан қаржылық тәуекелдердің өзгеретін сипатына бейімделуге мүмкіндік береді. Ұлттық банк пен Қазақстанның Қаржыгерлер қауымдастығы бірлесіп өткізген Қазақстан қаржыгерлерінің VIII съезі ең маңызды шаралардың бірі болып табылады. Когресте ұлттық валютаның қолданылуы, қаржы қадағалауындағы тәуекелге негізделген тәсілдерді енгізу және қолдану, ақшалай қаражаттардың қозғалысы перспективалары, қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қазіргі заманда қорғау сияқты мәселелерге қатысты шешімдер қабылданған болатын.

Қазақстан банктерінің жоғары тәуекелдік саясатына қатысты жағдайды болдырмау үшін 2019 жылдың қаңтарынан бастап тәуекелге бағдарланған қадағалау тәсілі енгізіледі. Банктерді капиталдандыру талаптары мен тәуекелдерді басқару жүйесі қатаңдатылады. Банк секторын сауықтыру үрдістері және реттеу мен қадағалаудың жаңа тәсілдерін енгізу банк салымшылары үшін тәуекелдерді айтарлықтай азайтады. Сонымен қатар, нашар қарыздардың баланстары мен капиталдандырудың өсуіне байланысты банктер несиелендіру бойынша талаптарды күшейтеді.

Зерттеу тақырыбының маңыздылығы Бүгінгі күні уақтылы қабылданған және іске асырылған бағдарлама жаңа несиелер беру үшін серпін беріп қана қоймай, банктердің несие портфелін жақсартуға мүмкіндік беретініне сенімді болуымызға болады, бұл өз кезегінде банк секторына жағымды әсер етеді.

Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстары банктік тәуекелдердің өзектілігін алдын ала анықтаған, банктің несие портфеліндегі жүйедегі несие тәуекелдерін талдау мен бағалауға арналған кешенді теориялық және аналитикалық әзірлемелер маңызды болып табылады. Токталып кететін болсақ Лисак Б.И., Исаков У.М., Мақыш С.Б., Исаев И.И., Нургалиева А.М., Коммерциялық банктің несие портфелін қалыптастыру мен басқарудың теориялық және практикалық мәселелерін ресейлік ғалымдар А.С. Бржников, С.М.Ильясов, О.Н.О.Л. Лаврушина, А.В. Малеева, Г.С.Панова, Т.А. Пустовалова, Н.Е.Соколинская, Е.В.Тихомирова, Э.Б. Ширинская, сондай-ақ шетелдік экономистердің жұмысы: Дж. С. Ван Хорн, Р. Котлер, Э.Морсман, (Э. Рид), Дж Синки, С Финли, (В. Bratanovich), (D. Mac-Noton), (F. Night), (M. Higgins) және басқалар. Экономикалық талдау және тәуекелді талдау әдіснамасын әзірлеу бойынша еңбектердің авторлары М.И.Баканов, С.Б. Брингольц, М.В. Грачева, Г.Б. Клейнер, Д.А. Лапченко, М.В. Мельник, В.В. В.С.Софонов, Н.П.Тихомиров, Т.М.Тихомирова, А.Шапкин, А.Ш.Шеремет, А.Г.Шоломицкий және басқалар.

Жұмыстың мәні Нарықтық өзгерістердің салдарынан банк қызметі үлкен тәуекелге ұшырап отырады. Банк функционалдық функциядан басқа, қоғамдық маңызы бар функцияларды да атқарады және ақша-несие саясатын жүргізеді. Банк тәуекелдерінің көрінісі - кірістіліктің азаюы, өтімділіктің жоғалуы, активтерді жоғалту және т.б. Бірақ жалпы алғанда олар кредиттік мекемелердің қаржылық сенімділігіне және тұтастай алғанда банк жүйесінің тұрақтылығына әсер етеді, сондықтан оларды басқаруға және алдын алу қажет [2]. Кейбір банктерде тұрақсыз кепілмен қамтамасыз етілмеген кредиттердің үлесі олардың несие портфелінің 80% -нан асты. Бұл өте жоғарғы тәуекел болып саналады. Осыған байланысты, өткен жылы Ұлттық Банк екінші деңгейдегі банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасын іске асырды. Қазақстан банктерінің жоғары тәуекелдік саясатына қатысты жағдайды болдырмау үшін 2019 жылдан бастап тәуекелге негізделген тәсіл енгізіледі.

Оның басты мақсаты - банк секторын жұмыс істемейтін несиелердің деңгейін төмендету және экономиканы кредиттеудің одан әрі өсуіне жағдай жасау үшін белсенділікті арттыру арқылы банк секторын жетілдіру болып табылады [3]. Мемлекеттің бағдарламасы аясында бес ірі банкке («Еуразиялық банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Bank RBK» АҚ) көмек көрсетілді. Бұл елдегі экономикалық өсімге негізгі қолдау көрсетті. Олар бүкіл банк жүйесінің несие портфелінің 30% -ын және халықтың барлық депозиттері мен мемлекеттік секторының 25% -ын құрады.

Екінші деңгейдегі банктер - бағдарламаға қатысушылардың нашар қарыздардың басым бөлігін шығарып, экономикаға кредит беруді бастады. Бағдарлама аясында банктер қарыз алушылардың қайта құрылымдауын шамамен 865,4 млрд. теңгеге және 775,5 млрд. теңгеге жуық сомаға есептелген проблемалық несиелерді есепке ала отырып 2018 жылдың басынан бастап несие берді. Бұдан басқа, жұмыс істемейтін қарыздарды 2017 жылдың басында 25% -дан бастап 2018 жылдың 1 қарашасына дейін 50% -ға дейін екі еседен артық ұлғайуына да аса назар аудару керек.

Өз кезегінде, банктердің акционерлері бес жыл ішінде 421 млрд. теңге мөлшерінде банкті қайта капиталдандыру және активтердің сапасын (қарыз алушыларды оңалту, қосымша кепілдікті қамтамасыз ету, қарыздарды жинау) 1,2 трлн теңгеден астам сома мөлшерінде қажетті шараларды қабылдауға тиіс.

Зерттеудің негізгі бөлігі

Зерттеудің негізгі ережелері Ұлттық Банктің қадағалау мандатын күшейту шеңберінде нормативтік-қадағалау мандатын заңнамалық тұрғыда нығайтып және банктердің нақты қаржылық жағдайына қадағалау туралы шешім қабылдап, сондай-ақ банктердің активті және пассивті операцияларын шекті деңгейге дейін алдын-алу шараларын қолдана отырып банктер тәуекелге бағдарланған қадағалау принциптеріне көшті.


Бұл шаралар, орта мерзімдік перспективада банк секторын тұрақтандыруға және экономиканы кредиттеуде банктердің рөлін арттыруға мүмкіндік беретін, банктік операцияларды жүзеге асыруда банктердің жағымсыз тәжірибесін жоюға мүмкіндік береді. Жалпы 2018 жылдың 9 айында инфляция 3,3% -ды құрады. Жылдық инфляция 2018 жылдың қыркүйегінде өткен жылдың аяғында 7.1% салыстырғанда 6.1% -ға дейін төмендеді. Инфляцияның өсу тәуекелін төмендету үшін 15 қазанда базалық ставка 9% -дан 9,25% -ға дейін өсті. Негізгі бағамның жаңа деңгейі теңге активтеріне деген сұранысты арттырып, қолайлы ақша жағдайларын сақтайды. Проблемалық активтерді есептен шығарудың тиімділігін арттыру үшін заңнамалық деңгейде проблемалық кредиттер нарығы үшін жағдайлар жасалды, жұмыс істемейтін активтерді арнайы еншілес ұйымдарға беру үшін салық жеңілдіктері ұсынылды.

Зерттеу көрсеткіштері Өткен жылы қабылданған банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасы 2018 жылдың қаңтарынан қыркүйек айына дейін шамамен 794,3 млрд т болды. Банктер міндеттемелерді 1,2 трлн теңгеге жуық «жаман» активтерді азайтуға міндеттелді. Банктердің банкроттығы немесе дефолтқа ұшырауы экономикалық жағдайға, тәуелсіз рейтингіге немесе саяси жағдайға да кішкене болса да байланысты болып келеді. Мысалы, 2017 жылы АҚШта сегіз банк банкрот деп танылды. Ресейде 2017-2018 жылдары 82 банкке қатысты сақтандыру төлемдері орын алды, ал өткен үш жылда 310 банк болды. Қазақстанда 2017 жылы «Delta Bank» АҚ-дан лицензиядан айырылды, 2018 жылы төрт банк дефолтқа ұшырады, олардың үшеуі - «Банк Астана» және «Qazaq Banki» АҚ, «Эксимбанк» АҚал «Казкоммерцбанк» АҚ «Халық банк» АҚ иелігіне өтті. Ол банктердің нарықта өз үлесі

елеулі болды, әсіресе алпауыт «Казкоммерцбанк» АҚ айтып кетсек болады. Қаржы нарығындағы үлесін ескерсек, «Qazaq Banki» - 0,9%, «Эксимбанк - 0,3%», «Астана Банкі» - 1%, болатын, сондықтан олар қаржы нарығына айтарлықтай қауып тудырған жоқ, бірақ та бірнеше жыл қаржы нарығында өз үлесін қоса, банктік қызметтерін көрсете білген банктердің алдын ала болжап, басқара алмайтын тәуекелдерді жіберіп алуы осындай жағдайға әкеліп отыр десек те болады. Дағдарыс жағдайында банктердің проблемаларын тек мемлекет қана шеше алады, сонымен қатар қаржы қатынастарын қалпына келтіру және тұтастай алғанда елдің экономикасын одан әрі дамыту үшін барлық жағдайларды жасай алады [4]. Мұндай мемлекеттік қолдау тек ерекше елеулі жүйелік дағдарыс кезінде қолданылады.

Қолданбалы зерттеу әдістері ҚР екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелінің жағдайын қарастыратын болсақ, «Казкоммерцбанк» АҚ қаржылық қиындықтарға төтеп бере алмай, ішкі тәуекелін дер кезінде шеше алмай биылғы жылы «Халық банк» АҚ еншісіне өтті. Қазір топты «Халық банк» АҚ бастап тұр. Қазақстандағы топ сегіз банк секторларына талдау жасау барысында ел экономикасын ЕДБ арасында несиелеу, несиелік беру қарқынының баяу дамып жатқандығын байқаймыз. Қаржы нарығындағы ірі сегіз банктің несиелік портфелін қарастыратын болсақ [5].

1. Халық банк АҚ несиелік портфелі 28% құрады.
2. Цеснабанкте АҚ 19% құрады.
3. Сбербанк АҚ 11% құрайды.
4. Банк Центр Кредит АҚ 11% құрады.
5. Каспий банк АҚ 9% құрады.
6. АТФ банк АҚ 8 % құрады.
7. Еуразиялық банкі 8 % құрады.
8. Форте банк АҚ 9% құрады.



1 – сурет – 2017 жылдардағы ҚР-ның кейбір ЕДБ-нің несиелік портфелінің көлемі % берілген.
Ескерту: [5] дерек көзі негізінде авторлармен құрастырылған.

Қаржы нарығында несиелік портфелінің банк арасындағы үлесін қарастыратын болсақ бөлшек несиелік ұсынатын, яғни тұтынушы несиелер көп көңіл бөлетін, көбінесе жеке тұлғаларға қызмет көрсететін банктер Каспий банк АҚ 9%, Еуразиялық банкі 8 %, Форте банк АҚ 9% болып барлығы нарықтың 23 % құрап отыр .

Банк функционалдық функциядан басқа, қоғамдық маңызы бар функцияларды да атқарады және ақша-несиелік саясатын жүргізеді. Нарықтық өзгерістердің салдарынан банк қызметі үлкен тәуекелге ұшырап отырады.


Банк тәуекелдерін анықтау және бақылау тараптардың көпшілігіне қызығушылық тудырады.

Банктің нақты қауіп-қатер деңгейін бағалау екі тәсілден тұрады.

- a) қауіп-қатер көрсеткіштерінің деңгейін бағалау.
- b) активтердің қауіп-қатер топтары бойынша жіктеу.

Тәуекелдің көрсеткіштерін жіктеу тәуекелдің көлемі мен индикатор түріне негізделуі мүмкін. Өзінің бағалау объектісімен байланысты тәуекелдер көлеміне байланысты, банктің портфельдік тәуекелін, жеке тәуекелді және күрделі тәуекелді бағалау әдісі анықталған [6].

Банк активтерінің сапасы банк операцияларының барлық аспектілеріне әсер етеді. Егер заемшылар несиесі бойынша пайыздар төлемесе, банктің таза пайдасы төмендейді. Өз кезегінде, төмен кірістер (таза табыс) өтімділіктің болмауына әкелуі мүмкін. Ақшалай қаражаттың жеткіліксіз болған жағдайда банк өз міндеттемелерін әкімшілік шығыстарды және оның қолданыстағы несиелері бойынша пайыздарды төлеуге ғана ұлғайтуға міндетті. Тұрақсыз (төмен) таза пайда банк капиталын ұлғайтуға мүмкіндік бермейді [6]. Нашар активтердің сапасы капиталға тікелей әсер етеді. Егер қарыз алушылар қарыздың негізгі сомасын төлемейтін болса, активтер олардың құнын талап етеді және капитал азаяды, өте көп қарыздар қазіргі кезде несиелік тәуекел деңгейін бодыруда. Қаржы нарығындағы ірі сегіз банктің активтерін қарастыратын болсақ



2 – сурет –2017 жылдардағы ҚР-ның кейбір ЕДБ-нің активтер көлемі % берілген.
Ескерту: [5]дерек көзі негізінде авторлармен құрастырылған.

Берілген диаграмма бойынша талдау жасасақ Халық банк АҚ 32 %, Цеснабанкте АҚ 14%,Сбербанк АҚ 11%, Банк Центр Кредит АҚ 10%, АТФ банк АҚ 10 %, Каспий банк АҚ 8%, Форте банк АҚ 8%,, Еуразиялық банкі 7 % құрап отыр.

Негізгі нәтижелер. Талдауға алынған айнымалылар бойынша статистикалық сипаттамалар 1-кестеде көрсетілген. Банктердің көрсеткіштері негізінде жасалған. Тәуелді айнымалы ретінде банктердің (Assets)активтері алынды.Банк (Assets)активтеріне міндеттемелер,ROA,NPL,ROEбайланысы бар екені аңғарылады. Алған факторларды X1 ден X14 GRETЛ бағдарламасы арқылы маңызды екенін тексере аламыз.Модель 1:МНК кіші квадраттар әдісі (метод наименьших квадратов)

1 – кесте .Модель 1: Gretl// МНК, алынған көрсеткіштер 1-32 (n = 31)

Тәуелді айнымалы: Assets (Актив)

	Коэффициент	Ст. ошибка	t-статистика	Р-значение
const	37,1610	7,69979	4,826	0,0002 ***
Liabilities	-0,234111	0,0973366	-2,405	0,0295 **
Growth_of_capital	0,139726	0,0978570	1,428	0,1738
Loans_90d	6,23238e-08	4,24799e-08	1,467	0,1630
Eqity	2,36734e-08	3,53929e-08	0,6689	0,5137
Size	0,0128938	0,0872006	0,1479	0,8844
ROA	1,40032	0,593173	2,361	0,0322 **
Credit_portfolio	-2,20859e-09	5,37361e-09	-0,4110	0,6869
Portfolio	0,0653407	0,0572242	1,142	0,2714
Loans	0,111953	0,138105	0,8106	0,4302
NPL	-1,82326e-07	8,52823e-08	-2,138	0,0494 **
NPL1	0,00272259	0,00810237	0,3360	0,7415

Продолжение таблицы

Deposits	-9,26334e-09	7,14746e-09	-1,296	0,2146
Deposits1	0,0241578	0,0358259	0,6743	0,5104
ROE	-0,396898	0,153341	-2,588	0,0206 **
CIR	-0,0891888	0,0473814	-1,882	0,0793 *

Среднее зав. перемен	16,80645	Ст. откл. зав. перемен	9,371657
Сумма кв. остатков	275,0365	Ст. ошибка модели	4,282028
R-квадрат	0,895615	Испр. R-квадрат	0,791231
F(15, 15)	8,579961	P-значение (F)	0,000077
Лог. правдоподобие	-77,82230	Крит. Акаике	187,6446
Крит. Шварца	210,5884	Крит. Хеннана-Куинна	195,1237

Исключая константу, наибольшее р-значение получено для переменной 3 (Size)

Бұл модельде қаржы нарығындағы банктердің көрсеткіштері алынды, оның ішінде Assets (Активтер), Liabilities(міндеттемелер), Loans_90d (90 күннен асқан күмәнді несиелер), Equity(капитал), Credit_portfolio, (Несие портфелі) Loans (несиелер) ді Gretl моделі бойынша есептелінді [7].

Талдай отырып, біз болжамды X4, оның мультиколинеарлы болмағанына қарамастан, оның Р-мәні 0,05-ден жоғары болғандықтан, тендеудің үлгісіндегі маңыздылығын растайды. Яғни біздің модель мынадай тендеу күйінде шығады ($y = a_0 + a_1 x_1$). Біздің жағдайымыздағы тәуелсіз фактор X1 маңызды болып тұр, өйткені оның Р-мәні $P = 0,05$ -ден әлдеқайда аз екенін көреміз, яғни нөлдік гипотеза қабылданбайды және баламалы гипотеза расталды. Сондай-ақ, біз оны мәндер арқылы тексере аламыз t-статистика

Алынған мәліметтер негізінде көптік регрессиялық тендеу жазылуы мүмкін. Бірақ біз өзіміздің моделіміз маңызды деп есептегеннен кейін ғана сенімді бола аламыз:

а) Стьюдентт-критериясын көмегімен көп регрессиялық тендеу коэффициенттерінің статистикалық маңыздылығын бағалау.

б) Жасалған модельдің статистикалық маңыздылығын және зерттеу объектісін талдау және болжау үшін оны қолданудың орындылығын сипаттайтын Фишер критерийінің көмегімен тұтастай алғанда регрессиялық модельдің сапасы бағаланады.

Корреляциялық-регрессиялық талдау барысында біз Активтің міндеттемелерге, ROA, ROE, NPL айнымалыларға елеулі түрде индикатор болатынын анықтадық. 1-кестеден R-квадрат = 0.89 және көбінесе R корреляциялық коэффициентінің емес екенін, бірақ оның көпше (жалпы) анықтау коэффициенті деп аталатын R2 квадраты екенін көреміз.

$R^2 = 0.89$ коэффициенті тиімді индикатордың ауытқуының 89% моделіне енгізілген факторлармен түсіндіріледі, ал 11% біз модельге кірмеген басқа факторлармен түсіндіріледі.

Мемлекет ел экономикасына маңызды рөл атқаратын жүйелі банктерге көмек көрсетуге мүдделі. Мысалы, біздің елімізде бір немесе бірнеше стратегиялық маңызыбар банктердің банкроттығы ел экономикасы үшін салдары қиынболуы мүмкін, өйткені қарапайым депозиторлар, кәсіпкерлер субъектілері (кәсіпорындар, банктердегі шоттары бар фирмалар) мүдделері зардап шегеді. Ірі банктерді мемлекеттік қолдаудың тағы бір маңызды факторы, олардың банктік бизнесті дамытудағы ұзақ мерзімді стратегиялық мүдделері болып табылады. Тәуекелді зерделеу кезінде екі негізгі бағытты бөліп көрсету қажет [8].

- қауіп деңгейін анықтау,
- тәуекелдерді азайту бойынша шешімдер қабылдау.

Банктердегі тәуекелдерді басқару жүйесін қоса алғанда, корпоративтік басқарудың төмен деңгейін, сондай-ақ басқарушы органдардың жауапкершілігінің төмен деңгейін атап көрсетуге болады [9]. Мемлекет экономикамыз үшін ірі банктердің жүйелік маңыздылығын ескере отырып, банктерді капиталдандыру бойынша, банктердің акционерлерін белсенді тарту арқылы қайтарымды негізде мемлекеттік қолдау көрсету туралы шешім қабылдаған болатын. Банк секторындағы тоқыраудың салдарынан үкімет бұл саланы қолдау жөніндегі шараларды жалғастыруда.

Осыған орай, орташа банктерге қатысты, Ұлттық Банк болашақта алынған несиелер мен мүлікке қатысты тараптармен жұмыс істемейтін қарыздарды жаппай берудің теріс тәжірибесін жою жөнінде шаралар қабылдады.

Банкілік дағдарыстар өндірістік дағдарыстарға қарағанда ауыр болады, себебі олар ақша ағыны тізбегі арқылы байланыстырылған қатысушылар үшін көптеген қаржылық шығындарға алып келеді. Банктің стратегиясын таңдаған кезде банктік қызметтер нарығы және оның жеке сегменттері зерттеледі [10].

Ең қауіпті стратегиялардың ішінде: көшбасшының стратегиясы және жаңа нарықта жаңа қызметтерді сатумен байланысты стратегия [11]. VIP-клиенттермен жұмыс істеу стратегиясында кем емес, бұл қызметтерді жекелендіруді көздейді.

Барлық банктер үшін бірдей болатын ішкі департаменттар қатарына мыналар жатады:


- 1) банк менеджменті;
 - 2) комитеттер;
 - 3) банк филиалы;
 - 4) функционалдық бірліктер;
 - 5) аналитикалық бөлімдер;
 - 6) ішкі аудит және бақылау қызметі;
- заң бөлімі.

Қолайсыз оқиға болған кезде, яғни тәуекелдің пайда болуы, банкте ғана емес, сонымен қатар банк клиенттерінде де болып жатады, немесе керісінше клиентте болып жатқан мәселелер тәуекел тудырса ол да банкке әсерін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері Банктердің қаржылық жағдайына көбінесе 90 күннен асқан несиелер, яғни проблемалы күмәнді несиелер қатты әсер етеді. Банктік ортада ол несиелер портфеліндегі мерзімді және мерзімі өткен берешектің жалпы сомасын көрсететін NPL болып табылады.

Осы NPL-дің күрт өсуінен биылдың өзінде бірнеше банк дефолтқа ұшырады. Банк қарыз алушылары өздерінің ауыртпалықтарын жеңуді қиындатады. Респонденттердің сұрауы бойынша 43% қаржылық қиындықтарға яғни (жылына екі есе) тап болады екен. ҚР банктерінің NPL көз жүгіртсек, жағдай төменгідей, яғни сегіз банктің нарықтағы NPL көлемі% берілген.


NPL қарыздар



3-сурет–2017 жылдардағы ҚР-ның кейбір ЕДБ-нің NPL деңгейі % берілген.

Ескерту: [5] дерек көзі негізінде авторлармен құрастырылған.

NPL- жұмыс істемейтін қарыз, негізгі қарыздар 90 күн немесе одан артық мерзімі өтіп кеткен несиелер немесе төлемдердің толық көлемде орындалатынына күмәнданудың басқа себептері бар несиелер, несиелер бойынша бастапқы шарттың талаптары орындалмаған заемдар. Көптеген мерзімі өткен несиелер банкті банкротқа ұшыратуы мүмкін.



4-сурет–2017 жылдардағы ҚР-ның кейбір ЕДБ-нің NPL,несие портфелі,90 күннен асқан қарыздар, активтер деңгейі % берілген.

Ескерту: [5] дерек көзі негізінде авторлармен құрастырылған.

Алғашқы тоғыз айдың қорытындысы бойынша, банктің қарызын беру өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 42%-ға артты.Соңғы бірнеше жылда рекордтық 30% өсім байқалды, әрбір төртінші қолма-қол ақша несие проблемалы болып табылады. GRETl бағдарламасын пайдалана отырып келесі есепті шығарамыз:

2 – кесте. Модель 2: Gretl // МНК, алынған көрсеткіштер 1-32 (n = 31)

Тәуелді айнымалы: : NPL(жұмыс істемейтін қарыз)

	Коэффициент	Ст. ошибка	t-статистика	P-значение	
Assets	-577721	254828	-2,2671	0,0327	**
ROA	109521	1,43442e+06	0,0764	0,9398	
Liabilities	265249	70619,1	3,7560	0,0010	***
Equity	-0,0786939	0,036191	-2,1744	0,0398	**
ROE	-164751	342988	-0,4803	0,6353	
Credit_portfolio	0,00296448	0,00993649	0,2983	0,7680	
Loans_90d	0,292296	0,0640243	4,5654	0,0001	***
Среднее зав. перемен	20355959	Ст. откл. зав. перемен	29276781		
Сумма кв. остатков	2,62e+15	Ст. ошибка модели	10452510		
R-квадрат	0,931998	Испр. R-квадрат	0,914997		
F (7, 24)	46,98981	P-значение (F)	1,75e-12		
Лог. правдоподобие	-541,0531	Крит. Акаике	1096,106		
Крит. Шварца	1106,144	Крит. Хеннана-Куинна	1099,378		

Бұл Gretl моделінде алдында алынған байланысы жоқ көрсеткіштер алып тастап,байланысы бар тәуелді айнымалы көрсеткіштер ғана қалды.Оның ішінде Assets (Активтер), Liabilities (міндеттемелер), Loans_90d (90 күннен асқан күмәнді несиелер), Equity (капитал), Credit_portfolio (несие портфелі) алынды.Айнымалы көрсеткіш NPL - (жұмыс істемейтін қарыз). Айнымалы көрсеткіш NPL ге Liabilities(міндеттемелер), Assets(Активтер), Equity(капитал), Loans_90d арасында қатты байланыс бар екені байқалады. F = 46.9, яғни F = 4.057 кестеден үлкен.

Демек, біздің модель өзекті және маңызды болып табылады және әрі қарай болжау үшін пайдаланылуы мүмкін деп айтуға болады. 2-кестеден R-квадрат = 0.91 және көбінесе R корреляциялық

коэффициентінің емес екенін, бірақ оның көпше (жалпы) анықтау коэффициенті деп аталатын R^2 квадраты екенін көреміз. Fisher (Фишер критерии) өлшемі бойынша.

$R^2 = 0.91$ коэффициенті тиімді индикатордың ауытқуының 91% моделіне енгізілген факторлармен түсіндіріледі, ал 9% біз модельге кірмеген басқа факторлармен түсіндіріледі.

